



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 27/671

03 июля 2020 года

Вестник

6-шілде – Елорданың туған күні

Е Н Ц Е Л І Е Л О Р Д А

Ел мен жер тағдырының елеңдетпейтін кезі жоқ. Ертеңге қалдырар, ұрпаққа табыстар мирас-мұрамыз да, байлық базарымыз да – сол ел мен жердің тағдыр талайы. Арғы бергі аталарымыздың ту көтеріп, туырлық тігер құттықана шаңыра-ғының уығын шаншар майлы да жайлы, қой үстіне бозторғай жұмыртқалардай жұмақ мекен таңдауы тегіннен тегін болмаған. Аңыз бен ақиқаттың шындық шырайындай Асан-қайғы бабамыздың желмамен желіп жүріп жаһанды кезіп, халқына құт мекен болатын жерұйықты іздеуінде жан тебірен-терліктей сыр жатыр емес пе? Ұлытаудан басталар ұлы көшіміздің кеңес дәуірі кезінде Астана қазығын бірде Орынбор, бірде Қызылордаға қадап, одан жасыл желекті, түсті кілем Алматыға тұрақтауы Мәскеудің пәрменімен болған еді.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана елорданың қай жерде болуын таңдау мүмкіншілігіне Елбасымыз ие болды. Астанамыздың Қазақстанның орталығында болуы қай жағынан алып қарасаңда дұрыс шешім еді. Себебі, Сарыарқа талайды көрді, талайға төзді. Бағзы бабаларымыздың ақ найзаларын аспанға атқан айбырлы жеңістерінің куәгері болды. Ақырында екі ғасыр тоғысқанда, жаңа мыңжылдықтың табалдырығында өшкен жанып, өлген тіріліп, кеткен есе түгенделіп, жығылған ту қайта желбіреп, жоғалған елдік оралып, құлаған орда қайта бой көтергеніне де себепкер болды. Қалай десек те осы күні 23 жылды артта қалдырған Астана қазақтың бас қаласы болып, өскелең ұрпақтың жарқыраған жұлдыздай келешегіне өз үлесін қосары сөзсіз. Шынына келер болсақ, өз басым еліміздің ақ ордасын өз көзімізмен екі-ақ рет көріппін. Бүгінгі таңда көз алдыма оның әсем көрінісі газет-журналдардан оқығаным, теледидардан көргендерім елестейді. Оның қазіргі сәулет өнерінің үлгілеріне сай бой түзген биік те сұлу ғимараттары бір кездегі қарапайым облыс орталығын адам танымастай өзгерткені

анық. Қала сұлулығы қай адам баласын болсын тамсандыратынына күмәнім жоқ. Өйткені, кең жазира далада көсіліп жатқан кемел сұлулығымен, күміс көлдерімен Есіл, Нұра секілді қыз бұрымындай тарқатылған өзендерімен өзіне тартады. Сондықтан болар, Астана мен үшін әрқашан салтанаттың қаласы, тасы өрге домалап тұрған жандардың мекені болып елестейді. Биылғы көктемде ортаншы ұлым Дархан Балқаш қаласындағы қызметінен Нұр-Сұлтан қаласына ауыстырылды. Қызметтік дәрежесі мен лауазымы да өсті. Отбасын жуықта көшіріп



алды. Құдай қаласа алдағы уақытта немерерімізді көріп, сағынған мауқымызды басу үшін ол жаққа жиірек барып тұрамыз деген үміттемін.

Қазіргі таңда астанамыз әлемдік, іскерлік байланыстың күре тамырына айналып отыр. Оның өзі Елбасының ізгі саясаты, көрегендігі мен кеменгер ойының жемісі, арманы, мақсаты, халқының тарихынан нәр алғандығы шығар. Елордамыздың шаңырағы биікке көтеріліп, уығы нық қадалып, керегесі келісті жайылды деуге болады. Нұр-Сұлтан шаһары қазіргі өзінде азиялық байтақтардың арасындағы ең бір еуропалық қала.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның Еуразиялық ел екенін, оның астанасының орасан зор қос құрлықтың өлке тұсында орналасқанын, демек келешекте қаланың осынау ұлан-ғайыр кеңістіктің қуатты желілері тоғысқан торабына, 21-ғасырдағы экономикалық, технологиялық, ақпараттар тасқынының арнасына айналатынын атап көрсеткен болатын.

Нұр-Сұлтан – бүгінде өскелең қала. Кемел де келісімді ой-лардың, ізгі ниет пен игі тілеудің қаласы. Айталық, қаланы қақ жарған Есіл өзенінің жағалауын кезінде басқан қамыс-құрақ қаба сақалдан арылып, бетон тақтайшалар төселген. Есілдің мәрмәр жағалауынан сәулім ғимараттар салуға да, қаланың орталық бөлігінде еуропалық үлгідегі шағын орамдар тұрғызуға да орын жетерлік. Ендеше, шаһардың кейбір кең де түзу көшелері дәстүрлі шығыс байтақтары, мәселен, көргендерге Каир мен Делиді есестетіні сөзсіз.

Еліміздің жаңадан орын тепкен ордасын көрейту мақсатына орай президентіміз 2001-жылы

«Астана жаңа қала» деген арнайы экономикалық аймағын құрған болатын. Бұл шара Есілдің сол жағалауына инвестициялар тарату, құрылыста озық технологияларды пайдалану, сондай-ақ қазіргі заманғы инфрақұрылым арқылы құрылысты қарқынды түрде дамыту еді. Сол себепті мұндағы үкімет сарайлары, құрметті орындар, министрліктер мен қоғамдық ғимараттар аса көрнекті сәулеттік бейнеге ие болып келеді. Осындай ғажай, өзге қалалардан ерекшеленіп тұрған Елордамыздың кескін-келбеті Еуропа материгінде орналасқан Париж қаласының дәл

өзінде жүргендей сезіндіретін шығар. Парижге барғандар ең алдымен Эйфил мұнарасын іздесе, бұл қалаға келгендер биіктігі 97 метрге жететін «Астана-Бәйтерек» монументін іздейтін сияқты. Осының өзі әлем төрінен орын алатындай көрініс, шіркін! Бәрін айт та, бірін айт дегендей, барлығынан да бас алаң төріне көз тастаған жан бүкіл тарихы – бірігу тарихы болған халқымыздың өмірінде келісімді билігімен, әділ сөзімен, елінің ба-сына ауырпашылық түскенде шешендігімен алғырлығымен еліне қорған болған, асқан беделге бөленген дана үш би – Әйтеке, Қазыбек, Төле бас қоса отырған сәулетті ескерткіш орнатылыпты. Көшелері де тап-тұйнақтай, қазақ даналарының есімімен аталады. Әрине астанамыздың болашағы көбінесе 21 ғасырдағы халықаралық, экономикалық, геосаяси және басқа қатынастардың дамуына байланысты болары анық. Елдің Ордасын салдырып жатқан Нұрсұлтан Назарбаев бір ғана қазақ халқының емес, бірде Ұлы Дала, бірде Тың немесе Қазақ ССР-і деп әр кезде әрқалай аталған, ал бүгін Қазақстан Республикасы аталатын байтақ өңірді бір кезде мекен еткен және бүгінгі таңда мекендеп жатқан халықтардың «еуразиялық арманын» асқартуға бекем бел байлау арқылы осындай дәрежеге жеткенін көрсетіп отыр. Бұл өлке – халықтарды бауырына басып, татуластырып қана қоймай, оларды жаңа қауымдастық, жаңа өркениет құру жолында топтастыра білген өлке.

Елорданың өркендеуі еліміздің өркендеуінің белгісі. Ендеше, бас қаланың әлі де құрылысы жүріп жатқан іргетасының берік болуы да мемлекетіміздің болашаққа нық сеніммен жасар қадамның нағыз кепіліне айналмақ. Келер ұрпақтың да, жастардың да болашағы бір өзінде! Ал сенің гүлденуің солардың қолында. Келешегің жарқын болсын, халқымың ақ ордасы, көркейіп, биіктерден көріне бергейсің!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Тәуелсіздік жылдары ел өмірінің ең қиын да күрделі кезеңдерінде кез келген мәселені қадірменді отандастарымен бірге бүкпесіз, ашық талқыға салып, туған халқымен үнемі ой бөлісіп келген, бүгінгідей бүкіл әлем алаң күй кешіп, ұлт саулығы сынға түскен қазіргі сәтте де баршаны сабырға, байсалдылыққа шақырып, тағы да жұрттың ақ тілеуі сөздерін арнаған, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев - бүгінгі күнде 80 жасқа толып отыр.

Елбасы өмір жолы талай кітапқа арқау боларлық дүние. Ол 1940 жылдың 6-шы шілдесінде Алматы облысының Шамалған ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1960 жылы Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы «Казметаллургстрой» трестінің құрылыс басқармасында бастады. 1989 - 1991 жылдары Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы қызметін атқарды. 1991 жылдың 1-ші желтоқсанында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып сайланды. Тәуел-

Е Л Т І Р Е Г І – Е Л Б А С Ы

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 80 жасқа толды

сіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап ұлы Абай атамның "Кімге достығың болса, достық -достық шақырады" деген дана қағидасын басшылыққа алып, әлемнің барлық мемлекетімен арадағы келісім мен достыққа, өзара сенім мен ықпалдастыққа негізделген саясатын ұстанған, егемендіктің бастапқы жылдарында іргелес елдердің бәрімен тату қарым-қатынас орнатып, шекара мәселесін түбегейлі шешкеннен кейін түрлі деңгейдегі ынтымақтастық ұйымдарын құруға бастамашы болған Елбасымыздың ерен еңбектерін елеусіз қалдыруға болмайды.

Шындығында, мемлекет басшысының елімізді аяғынаннық тұрғызып, әлемге танытудағы еңбегі ұшан-теңіз. Осы егемендігіміздің арқасында тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды. Міне,

халық сайлаған Елбасы әрқашан осындай жарқын істердің шыңынан табылып отырды. Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялап, егемендік алғаннан бері де отыз жылдан асты. Осы уақыт аралығында Қазақстанды барша әлем таныды. Әлемдегі жоғары дамыған өркениетті мемлекеттермен тәуелсіз Қазақстан терезесі тең, беделі жоғары, болашағы зор мемлекет болып қалыптасты. Мәдениетіміз, өнеріміз, экономикамыз, білім мен ғылымымызбен өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырды.

Халық алдында, мемлекет алдында осындай толағай тірлік атқарған Елбасын - туылған күнімен шын жүректен құттықтаймыз.«Елі еріне, ері еліне» сенген еліміз бен Елбасымыздың мәртебесі әлем елдері алдында мәңгілік биіктей берсін! Сзге



жаңулық бақыт, сәулеті ғұмыр тілейміз!
«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ

НҰР-СҰЛТАН – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ СИМВОЛЫ!

6 шілде – Нұр-Сұлтан күні, жас елорданың мерекесі әрбір астаналықтың жүрегіне қуаныш ұялатып, ертеңге деген сенімді шындай түсуде. Жалпы, Нұр-Сұлтан күнін мемлекеттік мереке деп жариялаудың тарихи, танымдық, тәрбиелік тұрғыдан мәні айрықша зор. Себебі, елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру – бұл қазақтың өз билігі өзінің қолына тигеннен кейін ұлттың болмыс-бітімін сақтап, мемлекеттің келешегін кемелдету



мақсатында «он ойланып,тоғыз толғанып» барып қабылданған тарихи шешім болды.

Нұр-Сұлтан - ел тәуелсіздігінің айғағы, мемлекетіміздің тұрақтылығы. Тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлының салиқалы да парасатты саясатының нәтижесінде, қысқа мерзім ішінде Нұр-Сұлтан - Қазақстанның гүлденген, дамыған символына айналды. Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласында әлемдік мән-маңызға ие форумдар мен самиттер өтуде.

«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында 6 шілде елімізде Нұр-Сұлтан күніне арналған көптеген іс-шаралар онлайн режимінде өткізілуде.

Бүгінгі Нұрсұлтан – асыл тастан тұрғызылған асқақ қала. Асқақтап, жайнай бер, көрікті шаһар!

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ



ТАРИХИ ТҮЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ

Ел қуатты болса, қуаныш тұрақты болады. Ғасырларды уақыт ұршығында нирген мыңжылдықтар тоғысында Ұлы дала төсінде жаңа тұрпатты жас мемлекет құрылды. Атасы Алаш, керегесі ағаш қазақтың зар заманда жоғалтқан құндылықтары қайтарылды, бары бүтінделді, азаттықпен бірге сәулелі сәттерге толы шуақты шежіресі түзіле бастады.

Осы бір мерейлі миссияны орындау мемлекетіміздің негізін қалаушы ұлы перзенті, тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың маңдайына жазылғаны – әлемде аумағы жағынан алып елдердің алғашқы ондығына енетін, ұлан-байтақ жерінің асты да, үсті де табиғи ресурстарға бай, кешегі Кеңес Одағынан ірге бөліп шыққан кезде қолында жалын атқан от қаруы бар стратегиялық маңызы зор елге уақыттың өзі сыйлаған ерекше бағы. «Ақылды басшы алдырмас» деген, өткен ғасырдың тоқсаншы жылдары әлем картасында орын алған тектоникалық үлкен саяси өзгерістердің салмағын саралай отырып, Қазақстанның ұлттық мүддесін сыналап енгізе білген Елбасы осы бір отыз жылдың ішінде жас мемлекетті әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосу мақсатымен көш бастады. Көшіміз көлікті болды. Ұлтымызда «Бас болмақ оңай, бастамақ қиын» деген сөз бар. Бұл орайда Қазақстан – қалыптасқан қоғамдық құрылыстар ауысқан алмағайып кезеңде кемеңгер басшысын таба білген ел.

Тарих жолы тақтайдай тегіс, түзу бола бермейді. Бұрылысы мен қалтарысы жиі кездесетін дәуірдің сыншысы да көп. Ал нақты әрі батыл іс-әрекетке бара алатын адамдар сирек. Мұндай тұлғалар тарихты түзеді, жаңа заманды алға жетелейді. Міне, Нұрсұлтан Әбішұлы – осындай айрықша ерік-жігерімен ертеңгі көкжиекке батыл қарай білген бірегей реформатор, әлем мойындаған мемлекет қайраткері! Ол – тәуелсіз елдің төл тарихын өз қолымен жасаған тегеурінді тұлға! Елбасымыз әлемнің ең азулы елдерінің басшылары мен саяси қайраткерлері құрмет тұтатын биікке көтеріліп, еліміз халықаралық қоғамдастықтың белді де беделді мүшесіне айналды. Бұл – күрмеуі қиын күрделі кездерде халықты ауызбіршілік пен татулыққа жұмылдырып, ескі түсініктен нарықтық қоғамға өткізген және әлемдік экономиканың белсенді қатысушысына айналдырған Нұрсұлтан Назарбаев феномені.

Менің Елбасын алғаш көргеніме де 35 жылдың жүзі болыпты. Нұрсұлтан Әбішұлы 1985 жылдың қыркүйегінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы кезінде Қытайға келген еді. Ол кезде елшілікте жұмыс істейтінмін. Сонда Үкімет басшысының қытайлықтармен келіссөздер барысында байқалған мол біліміне, тоталитаризм тұсында қалыптасқан жайлар жөніндегі батыл ойларына, сөзінің жүйелілігіне бәріміз қатты разы болғанбыз. Елшілік қызметкерлерімен басаяғы екі жарым сағатқа созылған бейресми әңгімеден кейін бас қосқанымызда мен әріптестеріме қарап: «Тегінде, біз Қазақстанның болашақ басшысымен сөйлескен шығармыз» дедім. Арада бес жыл өткенде Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің басшылығына келді.

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің тәуелсіздік таңындағы алғашқы кадрлық шешімдерінің бірі менің де тағдырымды айқындап берді. «Беласу» атты кітабымда: «Бұл үлкен жүректі адам менің қабілетіме сенді, сенді де оны өзім туып-өскен Қазақстан игілігі үшін аямай жұмсауыма жол ашты» деп жазған болатымын.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары болған жылдарымда әлемге әйгілі саясаткерлердің Нұрсұлтан Назарбаевқа биік баға берген сөздерін талай естідім. Халқымыз үшін мерейлендім.

Елдің Президентіне ғана емес, еміренген етене перзентіне айнала білген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қарапайым еңбек адамдарының отбасында дүниеге келді, қазақ мектебінде білім алды, еңбек жолының бастауында шойын қорытып шыңдалды. Өзі туып-өскен Алатаудың асқақ шыңдарындай асқаралы арманына

ерте қол созды. Жастайынан жұрттың жайын ойлады, өзі де домбыра шертіп, халық мұрасын жақсы білгендіктен, зиялы қауымға жақын болды.

Ұйымдастырушылық қабілеті мен еңбекке деген ерен сүйіспеншілігі жас жетекшіні басқару жүйесінің ең биік шыңына алып келді. 1989 жылы маусым айында ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды, ал 1990 жылы сәуір айында Жоғарғы Кеңес оны Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті етіп сайлады. Осылайша, сол кездегі әлемдік геосаясаттағы ең ықпалды елдің бірі саналатын КСРО көлеміндегі ең жас әрі ықпалды басшы ретінде көзге түсті.

Нұрсұлтан Назарбаев кәнігі саясаткер ретінде алып елдің кетеуі кетіп, шаңырағы шайқалып тұрғанын жақсы сезінді. Сондықтан да сол сындарлы шақта Одақ басшылары ортасында жүріп жатқан ойыннан тыс болып, интеграциялық үрдістердің жақтаушысы ретінде көрінді. Бұл ұстанымы қаһарлы елдің қабырғасы сөгілген кезде ТМД ұйымын құруға негіз болды. Жаңа мемлекеттердің құрылуына байланысты «югославиялық сценарийдің» болғанын ескерсек, бұл шын мәнінде ықти-

тықшылық бермек, әлде жаңа бір шиеленістің ошағы тұтана ма деген сауалдар күн тәртібінде тұрған-ды. Өйткені еліміздің қолындағы ядролық арсенал осы санатта әлемнің алғашқы төрттігіне қосылуға мүмкіндік беретін еді. Алайда, Елбасының саяси ерік-жігері арқылы қазақ ұлты әлемде ядролық сынақтан қатты зардап шеккен халық ретінде жойқын қаруды таратпау туралы бастама көтерді.

Тұңғыш Президенттің тоқтамын халықаралық қауымдастық та оң қабылдады. Бүгінге дейін Қазақстанның бастамасын қуаттаған бірқатар мемлекеттер ашық күнді тозаққа айналдырған ядролық полигондарын жауып, қолдау көрсетіп келеді.

Айталық Семей полигоны жабылғаннан кейін Ресейдің Жаңа жердегі сынақ полигоны, АҚШ аумағындағы «Невада» полигоны, француздардың Тынық мұхиттағы полигоны және Қытайдың Лобнор ядролық сынақ алаңы жұмысын тоқтатты. Жер шарының кез келген нүктесіне жетерлік бір мың екі жүз ядролық октұмсығы бар 110-нан астам баллистикалық зымыранды құрайтын мөлшері жағынан әлемдегі төртінші ядролық әлеует АҚШ және Ресеймен бірлесе отырып,



мал қантөгістің алдын алған сарабал шешім болатын.

Тәуелсіздік алған Қазақстанның алдында тағдыршешті таңдау тұрды. Жас мемлекет әлемдік геосаясаттағы орнын анықтап алуға тиіс еді. Бұл туралы Елбасы былай деп еске алады: «Қазақстан қандай ел болады? Азия мен Еуропаның арасына көпір бола ма? Немесе «Солтүстік – Оңтүстік» осіне айнала ма?»

Мемлекет басшысы жүргізген қайта құрулардың маңызы мен тарихи ауқымын түсіну үшін сол кездегі елдің ахуалын көз алдымызға елестетіп көрсек те жеткілікті. Кеңестік қоғамнан тәуелсіз Қазақ еліне тұралаған экономика, тоқтаған кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығы, кедейшілік, жұмыссыздық мәселелері «мұраға» қалғанды. Мұның бәрі әлеуметтік қысымды күшейте түсті, кез келген уақытта ел ішінде тұрақсыздық белең алуы әбден мүмкін болатын. Сондай-ақ сол кездегі көптеген саясаткерлер мен сарапшылар еліміздің болашағына үлкен күмәнмен қарағаны да шындық. Олардың пайымынша, Қазақстандағы экономикалық, демографиялық қиындықтар мен шекараның заңды түрде бекітілуі елдің шынайы тәуелсіздігіне нұқсан келтіреді-міс. Алайда Тұңғыш Президенттің парасатпен жүргізген пәрменді саясаты әлгіндей сенімсіздік танытқан тұжырымдардың тас-талқанын шығарды. Бір ғана шекара белдеуін шегендеп берудің өзі қаншама қажыр-қайратты қажет етті десеңізші.

Әлбетте, Нұрсұлтан Әбішұлы жаһандық саясатта танымал еткен ең алғашқы қадамдардың бірі – Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы Жарлығы болды. Сол жылдары КСРО сияқты әскери әлеуеті зор мемлекеттің ядролық қару-жарағына ие болып қалу Қазақстанға қаншалықты ар-

залалсыздандырылды. 2006 жылдың қыркүйегінде аймақтағы өзге де елдермен бірге Орталық Азияны ядросыз аймақ деп жариялаған Семей келісіміне қол қойылды. Келісімге қазірдің өзінде 200-ге жуық мемлекет қосылып, 150-ден астамы ратификацияланды. Қазақстанның бұл бейбітшілік идеясы негізінде Президент Жарлыққа қол қойған 29 тамыз – Дүниежүзілік ядролық қаруға қарсы іс-қимыл күні ретінде аталып өтеді. Осы бейбіт бастаманы әлі де белсенді жалғастыруымыз қажет.

Елбасы – БҰҰ мінберінен әріптестерін атомды бейбіт мақсатқа қолдануға үндеген салиқалы саясаткер. Бұл мәселе 1946 жылы алғаш шақырылған Бас Ассамблеяда қозғалғанымен әлем елдері жанталаса қарулануын тоқтатпаған болатын. Сондықтан Тұңғыш Президенттің тегеурінді сөзі мен ісі бір арнадан табылып, ол жаһандағы жойқын қаруды таратпау жолындағы жүйелі жұмысты бастап берді. Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев ғаламдық жылыну мәселесіне де бейжай қарамай, әлем назарын Орталық Азияның ғана емес, адамзаттың бас ауруына айналған Арал проблемасына аударды. Өйткені теңіздің құрғаған табанынан ұшқан тұз солтүстік жарты шарға жеткен болатын. Бүгінде кіші Аралдың арнасы толып, тұздылығы азайып, балық шаруашылықтарына қайтадан қан жүгірді, теңіз табанынан көшкен құмды тоқтату үшін үлкен аумаққа сексеуіл ормандары егілуде. Ол осы орайда экологиялық апаттармен күресуге жәрдемдесу мақсатында әлемдік экономикалық мәселелердің реестрін дайындау сынды өте өзекті ұсыныс білдірді. Сол арқылы БҰҰ-ның әлемдік қарым-қатынастарды, адамзатқа ортақ мәселелерді реттеудегі орнын күшейтуге де үлес қосты.

Ақылды басшы алдырмас

Ол ұлтты біріктіруші ұлы тұлға ретінде тәуелсіздік тұжырымын бекітуге және нығайтуға бар күш-жігерін арнады. Еуразия құрлығындағы алыптардың ортасында отырып, достық рәушті дипломатия арқылы мәмілегерлік жолды ұстанды. «Ел ұстама, ел ұстасаң, кек ұстама» деген бабалар сөзімен берік байлам жасады. Әлбетте, дүниенің екі бөлігі – Еуропа мен Азияның арасынан, екі өркениет – батыспен шығыс мәдениетінің ортасынан, екі жүйе – тоталитаризм мен демократияның аралығынан жол тауып шыға білу – сұңғылалықпен, көрегендікпен сипатталатын саяси зор қабілет. Елбасы осы бір алшақ дүниетанымдардың арасынан қоғамға ортақ қасиеттер – азиялық дәстүр мен батыс жаңашылдығын жымдастыра отырып, жаңа тұрпатты мемлекеттің ұстынын қалыптастырды. Бүгінде барша әлем Қазақстанды қарқынды интеграцияның қатысушысы және бейбіт ел ретінде біледі. Бұл – Елбасының ерен еңбегі мен ерекше көрегенділігінің нәтижесі. Осы жолда ол АҚШ, Ресей, Қытай сияқты алпауыт елдердің, Еуропа, Азия елдері басшыларының бірнеше буынымен ресми-бейресми байланыс орнатып, Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы орнын айқындауға айрықша еңбек сіңірді.

Нұрсұлтан Назарбаев барлық реформаның қозғаушы күші де, кепілі де өзі болды. Сондықтан да қолға алған іс-қимылының дені сәтімен жүзеге асырылды. Оның бастамасымен еліміз жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшті. Барлық мемлекеттік құрылымдарда түбегейлі реформалар жүргізілді. Демократия дәстүрлері орнықпаған, құқықтық тәртіп беки қоймаған елде қатаң орталықтандырылған жүйеден еркін нарыққа көшу үздік-создық, ауыр әрі күрделі болды. Бұл Нұрсұлтан Әбішұлы тарапынан жасалған тәуекелі зор, үлкен қадам еді.

НАТО-ның Бас хатшысы Дж. Робертсон бұл туралы кейін: «Президент Назарбаевқа өткенді бұзу және ел ішінде шынайы реформаларды жалғастыру, тез өзгеретін халықаралық жағдайға бейімделудің қаншалықты қиынға түскенін жақсы түсінеміз» деп еске алады. Міне, осындай өтпелі кезеңде Елбасына бір мезгілде бір-біріне қайшы келетін мәселелерді шешуге тура келді. Ол бір жағынан халықтың күнделікті өмір сүруіне қажетті нәрселермен – қалалар мен елді мекендердегі жылу, жарық мәселелерін шешумен, екінші жағынан мемлекеттің ұзақ мерзімді стратегиялық даму жоспарларын айқындаумен айналысты. Бірінші кезеңде қатаң билік жүйесімен астасқан экономиканы либералдандыру міндеті тұрды. Өйткені мейлінше аз шығын мен күш жұмсай отырып, жоспарланған өзгерістерді жасау үшін қуатты атқарушы билік және халық алдындағы, тарих алдындағы жеке жауапкершілік керек екенін жақсы түсінді. Ең қиын реформалар осы уақытта жүргізілді. Жекешелендірудің бірнеше кезеңі өткізілді. Нәтижесінде өндіріске жан бітті, қаржылық және макроэкономикалық тұрақтандыру іске асырылды, бюджет пен салық жүйесі құрылды, инфляция жүгенделді, халықтың өмір сүру сапасының ең төменгі жеткілікті деңгейі қамтамасыз етілді.

Президенттің бас болып атқарған үлкен бір қызметі – ұлттық валютаның қолданысқа енуі. Өзіндік қаржылық-экономикалық жүйе құрылды, биліктің атқарушы органдарының бірыңғай вертикалы бекітілді, Қарулы күштер және басқа да күштік құрылымдар жасақталды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі нығая түсті. Сонымен қатар көппартиялы жүйе жасалып, азаматтық қоғамның негізі қаланды, баспасөздің еркіндігіне жол ашылды. Қазақстан өзінің өркениетті даму жолын таңдады.

Қол жеткізілген жетістіктер мемлекеттік дамуы жоспарлаудың келесі кезеңіне өтуге, стратегиялық сипаттағы міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Осылайша Президенттің бастамасымен Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі жоспары жасалды. Бұл құжат елімізді жаһандық дамуың күрделі өткелдерінен, сындарлы сәттері мен дағдарыстарынан аман алып өтуге жол сілтеді деп нық сеніммен айта аламыз. 2012 жылы еліміздің жаңа

(соңы 3 бет.)



ТАРИХИ ТҮЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ

(соны. басы 2 бет.)

«Қазақстан-2050» стратегиясы қабылданды. Осы арқылы ХХІ ғасырдағы жаһандық он сын-қатерге дайын болу жөніндегі негізгі бағыттар белгіленіп, еліміздің алдына әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу міндеті қойылды.

Негізгі жетістіктерге сыртқы байланыс саласында көптеп қол жеткізгенімізді айтуға болады. Жетекші елдердің арасындағы теңгерімді саясатқа негізделген дипломатия арқылы еліміз ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік алды. Елбасы әлемде жарық-жақты байланысты жүргізе отырып, көпвекторлы саясаттың негізін қалады, оның авторы атанды. Ол бұрынғы КСРО мен ТМД кеңістігіндегі әріптестерінің арасынан жаһандық деңгейде мойындалған әлемдік көшбасшылардың санатына енді. Бұл жөнінде «Президент Назарбаев – кеңестік саясаттағы жарық жұлдыз, түрлі республикалар арасындағы ірі тұлға. Қазақстан лидері – белгілі деңгейде қатал, тәжірибелі, жедел шешім қабылдай алатын адам. Одақтың басқа республикаларының өзі мойындаған жылы шырайлы, талантты және табанды басшы. Назарбаев елді басқарып тұрғанда, Қазақстанның табыстарға жету мүмкіндігі анағұрлым мол болады» деген Сингапурдың бірінші Премьер-министрі, көрнекті саяси тұлға Ли Куан Юдың бағасы әділ болғанын тарихтың өзі дәлелдеп отыр.

Нұрсұлтан Назарбаев әртүрлі мінезге не адамдармен жарасым таба алады. Әрине оның харизматикалық болмысы туралы аз айтылмайды. Мұндай сирек қасиет әркімге беріле бермейді, бұл – расында да ең әуелі табиғат сыйы, содан кейін адамның өзін өзі үнемі дамытуына тікелей байланысты қасиет. Ұзақ жылдар бойы Елбасының еңбегіне шәкірті ретінде де, серіктесі ретінде де, үзегілесі ретінде де көңіл аудару жүріп, әр кез қабілетіне таңғалатын нымды жасырмаймын. Ол көп оқиды, ұлттық әдебиетке ғана емес, шетел әдебиетіне де көңіл бөледі, барлық оқиғадан хабардар болып отырады, елдің тарихы мен мәдениетін жетік біледі, әсіресе экономикалық ақпаратқа жіті ден қояды.

Сыртқы саясатта қызмет еткен адам ретінде Нұрсұлтан Назарбаевтың шетелдік басшылармен кездесуге өте тыңғылықты әзірленетінін білемін. Ол Сыртқы істер министрлігі мен басқа да ведомстволар дайындаған ақпараттық материалдармен мұқият танысқан, содан соң жеке қойын дәптеріне өзінің тезистерін жазған еді. Оны барлық нәрсе қызықтырған деуге болады: сол елдің экономикалық жағдайы, кездесетін тұлғаның мінезіндегі ерекшеліктер, іскерлік қасиеттері және басқалар. Осының бәрін мықтап көңілге түйетін Тұңғыш Президент барлық әріптестері, тіпті БАҚ өкілдері үшін де тартымды, қызықтықты әңгімелесушіге айналады. Ең ерекше қасиетінің бірі – әзіл сөзді орынды қолданады. Елбасының тауып айтатын әзіл-қалжыңы әр кездесу соңынан әлемдік саясат өкілдері арасына бірден тарап кетеді. Оның тапқырлығын шетел саясаткерлері үнемі жоғары бағалайды.

Бұл қасиеттері оны ұдайы жетістікке жеткізіп келеді. Дегенмен, саяси тұлғаның жөні бөлек. Ол әлемдік оқиғалар туралы, оны өз еліне өлшеп-пішу арқылы заманауи қарым-қатынастағы құрылымға үйлестіру туралы үнемі ойланады. Иә, Елбасы Қазақстанның әлемдік саясаттан шеткері қалмауы үшін де шетелдерге көбірек шыққан, резиденциясында шетелдік қонақтарды жиі қабылдаған.

Нұрсұлтан Әбішұлы Уинстон Черчилльдің «Қиын уақытта елді мықты басшы басқаруы керек» деген сөзін басшылыққа алады. Қазақстанға қатысты қарасақ, саясат алыбының бұл тұжырымы өте өзекті, өйткені мұндай басшылықсыз ел өзгерістер жасай алмас еді. Елбасы өзі атап өткендей, реформалардың нәтижесінде ең басты мақсатқа – адамдардың психологиясын өзгертуге қол жетті. Сондықтан Францияның экс-президенті, көрнекті саясаткер Жак Ширак: «Франция 1991 жылдан бергі өзгерістерді өте маңызды әрі шешуші өзгерістер санайды. Белгісіздік және күрделілік жағдайында Сіздің еліңіз мемлекеттік құрылыстың кері айналымын жолына түсті, өзінің ұлттық құндылықтары мен ұзақ тарихына адалдық танытып, адамзаттың ортақ демократиялық қағидаттары мен құқықтық мемлекетке бейбітшілікті қорғауға» деп зор бағасын бере отырып, Нұрсұлтан Әбішұлының Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесін шақыру, дін мен мәдениеттер арасындағы диалогтарды дамыту іспетті бастамаларын қолдайтынын жеткізді.

Елбасының арқасында Қазақстан интеграциялық үдерістерге ашық ел ретінде танылды. Мәселен, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Түркі кеңесі және т.б. халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі әрі бастамашысы ретінде еліміз аймақаралық, мемлекетаралық қарым-қатынастарды тиімді дамытудың жақтаушысы болып келеді.

Елбасының ел астанасын Арқа төсіне көшіру туралы идеясы Қазақстанның дамуындағы маңызы зор тарихи бетбұрыс болды. Оның елорданы Есілдің жағасынан салу жөніндегі бастамасы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне де, әлемдік қауымдастық алдындағы беделіне де айтарлықтай серпіліс әкелді. Бұл еліміздің геосаяси бағытын нығайтуға үлкен үлес қосты. Қазақстанның біртұтас ел ретіндегі дамуын айқындай түсті. Астананы көшіру идеясы елді біріктіруші факторға айналды. Бүгінде елордамыз – халқымыздың мақтанышы һәм сүйікті шаһары. Былтыр мен астана авторының елорданы салып, дамытуға қосқан орасан зор үлесін әділ бағалай отырып, қалаға Нұр-Сұлтан атауын беру туралы шешім қабылдадым. Бұл дұрыс шешім болғанына еш күмән жоқ. Бұл қадам Қазақстанның жаңа тарихы мен Елбасы есімінің біртұтас ұғымға айналғанын білдіреді.

Жаңа астанамыз әлемде бейбітсүйгіш қала ретінде ЮНЕСКО-ның арнайы бағасына ие болды. Нұр-Сұлтан қаласы қазір Қазақ елінің ғана емес, әлемдік ойталқылардың орталығы, халықаралық басқосулардың айтулы алаңы ретінде қалыптасты. Астанамызда 2010 жылы ЕҚЫҰ саммиті өтіп, әлем елдерінің басшылары бас қосты. Елорда 2011 жылы Қысқы Азия ойындарын Алматы қаласымен бірлесіп ұйымдастырды. 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесі көз алдымызда зор табыспен өтті. Қазақ елі аталған көрмеде әлемдегі өзгермелі жағдайды ескере отырып, баламалы қуат көздерін дамыту туралы бастама көтергені мәлім. Бүгінде бұл бағытта жаңа технологиялар қолданысқа кеңінен енгізілуде. Осылайша жас мемлекетіміз Жер шарының табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға және қоршаған ортаны барынша қорғауға өзіндік үлесін қосты. Әлемдегі дәстүрлі діндер мен кон-

фессиялар көшбасшыларының съезі тұрақты түрде өтіп келеді. Жаһандық деңгейдегі саясаткерлер Қазақстанның этносаралық татулық үлгісін «Назарбаев моделі» деп атайды. Олар Қазақстанның бұл тараптағы тәжірибесін жіті зерделеп, басқа елдерге таратуға да ықыласты болып отыр. Елордамыз Сирия дағдарысы бойынша Астана процесі атауымен бітімгершілік миссиясына қызмет етті. Осының бәрі шаһардың шынайы келбетін қалыптастырып, шын мәніндегі бейбітшілік қаласы екенін жаһан жұртына дәлелдей түсті.

Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен ел экономикасы қарыштап алға басты, индустрияландыру бағдарламалары бойынша жемісті жұмыс жүргізілді. Көптеген кәсіпорын құрылып, бәсекелестікке төтеп бергендері ел игілігіне қызмет етуде. Табиғи ресурстарды игеруге әлемнің маңдайалды корпорациялары жұмылып, Қазақстан экономикасына қомақты инвестиция құйды. Олар бүгінде бюджетке айтарлықтай салық түсімін қамтамасыз етіп отыр. Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі тұрғысынан да ел инфрақұрылымына қажетті нысандар көптеп салынды. Мұның бәрі ең әуелі халыққа жұмыс тауып беруге жол ашты.

Негізі, бизнес нағыз бәсекелестік ортада дамитыны белгілі. Ол үшін қолайлы орта құрылып, қажетті заңнамалық-құқықтық қолдаулар жасалуға тиіс. Яғни салынған инвестицияның қорғалатынына, әділ бәсекелестік ортада жұмыс жүргізілетініне сенім болуы қажет. Мемлекет кепілдігі осы арада керек. Бұл міндеттемені мемлекеттік институт жоғары деңгейде орындады. Қазір Қазақстанға инвестиция салуға мүдделі шетелдік инвесторларға қажетті жағдайдың бәрі бар. Жыл сайын елге тартылуын инвестиция көлемі артып келеді. Бұл үрдіс халықтың әл-ауқатының артуына, тұрақтылығының нығаюына септігін тигізуде.

Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда кез келген өзгеріске даяр болу, үнемі ізденісте жүру, өзін өзі жетілдіру өте маңызды. Бұл ретте Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы Қазақстан қоғамының ой-санасын прагматизмге үндесе зор үлес қосты. Ел руханиятының айнасы іспеттес осы бағдарлама арқылы мәдениетіміз бен өнеріміздің жоғы түгенделіп, бары бағасын алды. «Рухани жаңғыруда» мемлекетіміздің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне мүмкіндік беретін қажетті қадамдар нақты белгіленді.

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан» дейді халқымыз. Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің билігін қолға алған 30 жылдың ішінде жаңа мемлекет құрудың барлық қиындығын бастан өткерді. Еңселі мұраттарды еңсеріп, толағай табысқа қол жеткізді. Қазақ жұртын төрткүл дүниеге танытып, барша әлемге мойындата білді.

Мен Елбасынан көп нәрсе үйрендім, өмірлік өнеге алдым. «Төрелі жерге ел тоқтайды, төбелі жерге мал тоқтайды». Былтыр еліміздің тарихында үлкен бетбұрыс болды. Тұңғыш Президент биліктің ауысуы барысында маған өлшеусіз сенім артты. Бұл тағы да Елбасы ел мүддесі жолында кез келген шешімге бара алатын ерекше батылдығын байқатты. Ең бастысы, біз биліктің ауысуын тұрақтылық жағдайында өткізе білдік. Бұл – Елбасының парасаты мен көрегенділігін көрсеткен тарихи оқиға. Былтырғы Президент сайлауында халық Елбасының стратегиялық бағдарын қолдап дауыс берді. Сондықтан бұл жеңіс – халқымыздың жеңісі!

Менің «Игілік – баршаға! Сабақтастық.

Әділдік. Өрлеу» атты сайлауалды бағдарламам Елбасының бастамасымен қол жеткізген жетістіктерді еселеуге, Тұңғыш Президенттің бағытын жалғастыруға негізделген. Осылайша елімізде сабақ-тастық салтанат құрды. Бұл бағытта «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудамыз. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі ел ішіндегі күрделі мәселелерді билік тармағына жеткізуші алаңға айналды.

Биылғы алғашқы жартыжылдық барлық әлем елдері секілді Қазақстанға да оңай тимеді. Жаһандық әбгерге салған пандемия бізді де айналып өтпеді. Бұл сын-қатерлер халқымызды біріктіре түсті. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Біз тәуелсіздікті сәт сайын қорғауымыз керек!» деген қанатты сөзі бар. Жер шарының тұрғындарына қауіп төндірген қатерлі дерттен азаматтарымызды қорғау – тәуелсіздігімізді де қорғау деп білемін.

Індетпен күрес шаралары әлі жалғасады. Елбасы осы сындарлы кезеңде де елімен етене екенін білдіріп, өзі жетекшілік ететін Nur Otan партиясының жалпы-халықтық «Біз біргеміз!» акциясын жариялады. Үндеу тастап, үнемі бір-бірімізге қолдау көрсетуге шақырды. Күллі ел Елбасының ізгілікке шақыруын қабыл алып, күрделі кезеңде береке-бірліктің үлгісін көрсетуде. Бұл игі бастама Нұрсұлтан Әбішұлының халықты мемлекеттік мүддеге жұмылдырушы тұлға екенін тағы да айқын танытты.

Елдегі әлеуметтік ахуалды оңалту – біздің негізгі міндетіміз. Әлеуметтік қолдаумен бірге халықты еңбекке тартудың маңызы зор. Сондықтан жаңа жұмыс орындарын құруға күш салатын боламыз. Қазақстанның білімі мен ғылымын дамытуға ден қоямыз. Бұл – ел экономикасы мен келешегі жолындағы нақты қадам. Болашақта қазақстандықтардың адами әлеуеті жоғары болуы қажет.

Елбасы – еліміздің негізін қалаушы, елдігіміздің символы, тәуелсіз Қазақстанның төл тарихының бастауында тұрған тұңғырлы тұлға! Қазақ елі қарымды қайраткерге үнемі құрмет көрсетіп келеді. Сексеннің сенгіріне серке жеткен саясаткердің ел мен жер алдындағы ұшан-теңіз еңбегі – ұрпаққа үлгі, баршаға өнеге! Тәуелсіздіктің бастауындағы ұйқысыз түндер мен тынымсыз күндердегі атқарылған істерді кейінгі буын келешекте әлі талай рет зерделейді, әділ бағасын береді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бар ғұмыры тәуелсіздіктің елең-алаңынан бастап бүгінге дейін Қазақ мемлекетін нығайту ісімен біте қайнасып келеді. Шетелдіктер оны заманауи Қазақстанның негізін қалаушы және көшбасшысы ретінде жақсы біледі, сыйлайды. Тұңғыш Президентіміздің мемлекет қайраткері ретіндегі қарым-қабілеті талассыз мойындалған. Мен Елбасымыз бен шетелдіктер арасындағы көптеген халықаралық кездесулер мен келіссөздердің куәсі болғандықтан, осыны зор жауапкершілікпен айтуға хақым бар деп ойлаймын. Ол – шын мәнінде жаһан жұртына кең танымал, халықаралық қауымдастықта айрықша беделді, әлемдік деңгейдегі саясат сардары. Елбасы бұл бікке қажырлы еңбегімен, парасат-пайымымен, маңдай терімен жетті.

Ендеше, біз өскелең ұрпақты барша жұрт мақтан тұтатын тарихи тұлғаның тағалымы арқылы тәрбиелеуіміз керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының
Президенті

С ИМЕНЕМ ЕЛБАСЫ СВЯЗАН РАСТУЩИЙ АВТОРИТЕТ КАЗАХСТАНА НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ – ГЕНСЕК ШОС

С именем Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева связан растущий авторитет Казахстана на международной арене. Об этом заявил генеральный секретарь Шанхайской организации сотрудничества Владимир Норов, выступая на Международной конференции "Нурсултан Назарбаев. Ответственное лидерство: преемственность и эволюция", передает Kazpravda.kz со ссылкой на Inform.kz.

"С именем Нурсултана Абишевича связаны годы становления и развития Казахстана, значимых конституционных и политических реформ, роста социально-экономических достижений и успехов страны. Новизна подходов и его своевременные решения позволили вывести Казахстан в число успешных, стабильных и авторитетных государств с последовательной политической и ясными внешнеполитическими приоритетами", – сказал В.Норов.

Спикер добавил, что с именем Первого Президента Казахстана связан растущий авторитет страны на международной арене. Он инициатор крупномасштабных новаторских идей, привлечших внимание международного сообщества. В их числе – формирование Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии, создание евразийского союза государств, антиядерная проблематика, диалог между лидерами мировых и традиционных религий.

"...Высокий авторитет и значимые заслуги Первого Президента Казахстана в углублении регионального взаимодействия стали основой для его избрания Почетным председателем Консультативной встречи глав государств Центральной Азии в ходе второго Ташкентского заседания в ноябре 2019 года...", – добавил Владимир Норов.

Источник: www.kazpravda.kz
полный текст читайте на сайте источника

ТІЛІМІЗ ТАСАДА ҚАЛМАСЫН

Жақында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» апталығына берген сұқбатындағы мемлекеттік тілдің рөлін арттыру туралы өзекті ойлары мен ұтымды ұсыныстары зор қолдауға ие болуда. «Қазақ тілінде сөйлеу мақтанш болуы үшін оған деген қажеттілікті арттыру керек», - деді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Сондай-ақ, 2019-жылғы қыркүйек айындағы Жолдауында мемлекет басшысы «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін», - деген сөзін де ескеруге тиіспіз. Яғни, мемлекеттік тіл – қазақ тілі болып қалуы қажет екендігі даусыз мәселе. Еліміз Президентінің осынау атап айтқан сөздерін басылыққа ала отырып, өз ойымды білдіргім келеді.

**Бұл өмірде бір күн қонақ боламыз,
Мүмкін елу мүмкін жүз жыл салармыз.
Ана тілін ардақ тұтып, қастерлеп,
Құрметтейік келгенімізге шамаммыз!**

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл

ұлпен-ұлтты татуластыратын ерекше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-біріне қатынаса алады. Қазіргі заман жеке адамдардың ғана емес тұтас ұлттардың да өткеніне үңіліп, бүгінгісін бажайылап, болашағын бағдарлауға жол ашты. Қазақ халқы бар тарихын көшіп жүріп өткізсе де, «батпаққа батырмай, құмға шашпай, жұртында қалдырмай, шыбындыға алдырмай», барлық жиған тіл байлығын, күйі мен жырын бізге жеткізді. Еліміз өз егемендігін алып, іргесін кеңге жайған замандамыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді «Қазақ мемлекеті» - деп атайтын боламыз деген Елбасымыздың салықалы сөзі еріксіз ойға оралады. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын бекітіп, қанатын қатайтты. Тілдің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, олқысын толтыру өз қолымызда, сіз бен біздің қолымызда.

«Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Отбасы өзіміз де, Отанымыз Қазақстан... Тіл меңгеруде, өз тілінде еркін сөйлеуде ата-ананың да

рөлі ерекше. Әр ата-ана ананың ақ сүтінен дарыған тілін үйретуді қолға алса, бұл тілдің ешқандай қиындығы жоқ. «Ана тілін білмеген ақылы жоқ желік бас, Ана - сүймеген халқын сүйіп жарытпас» деген сөзде де терең мағына жатыр емес пе?! Кей мекемелерде қазақ пен қазақ, кей үйде әке мен бала, кейбір мектепте ұстаз бен шәкірт қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымысыз-ақ. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз...

«Тіл тазалығы дейтініміз, ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау», - деп Ахмет Байтұрсынұлы меңзеген еді. Ана тілі – халық болып жаралғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі (Ж. Аймауытов). Ана тілі қанның, қыпшақтың, толқынның көңілдің, лүпілдеген жүректің сығандысы, онда дәм де, мән де болу керек. (С.Торайғыров). Бірақ қазақ тілі тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл, ортақ тіліміз екенін ұмытпағанымыз жөн болар. Қазақ тілі өте бай, орамды, көркем тіл. Тіл арқылы өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды сол тіл арқылы үйренеді. Халық

Ел Президенті Қ.Тоқаевтың мақаласына орай

өзінің ғасырлар бойы жасаған асыл мұраларын ұрпақтан ұрпаққа алдымен ана тілі арқылы табыс етеді. Сондықтан ана тілін білмей, ұлттық мәдениетті жете меңгеру мүмкін емес. Қазіргі жаңартылған бағдарлама талабына қарай үш тілдікті алға қойып отыр. Әрине, әр тілді меңгеру, әр тілде сөйлеу әркімнің арманы. «Жеті түрлі ілім біл, жеті елдің тілін біл деген», сөзді негізге алып, ең әуелі өзіміздің ана тілімізді терең білуіміз қажет екенін әсте жадымыздан шығармауға тиіспіз. Біздің мақсатымыз өзгенің байлығы, сұлулығы және икемдігі жағынан дүние жүзіндегі озық тілдермен теңдесе алатын ана тіліміз бар екенін ұмытпау болып табылады. «Үш тілдік деп жүріп, ана тілімізден айырылып қалмасак еді?», деген сауал бүгінде әрбір ұлтжанды азаматтың көкейінде сайрап тұрғаны шындық. Тіл туралы занымыздың қағаз жүзінде қалмай, өмірінде нық қадам басып, ғұмыры ұзақ болуы үшін күресе білейік және ұлттық намысты қолдан бермейік! Ғасырларды арқаға тастап, бүгінге шейін аман-сау жеткен ұлттық құндылықтарымыздың ең басты байлығы – тіліміз тасада қалмасын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Конкурс!

КҮМБІРЛЕ, КҮЙ - ДОМБЫРА!

Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен "Ұлттық домбыра күні" мен "Астана күніне" орай «Күмбірле, күй - домбыра» атты қалалық онлайн байқауы өткізіледі!

Байқаудың ережесі:

Байқауға қатысушы үміткер күй ойнап, видеоға түсіріп, жолдау қажет. Шығарма 3 минуттық видеодан аспауы тиіс. Видеоның астына қатысушы аты-жөнін және күйдің атын жазу керек.

Видеоны келесі 87785168990 нөміріне WhatsApp арқылы жолдауы қажет. Saryarqa_jastary@saryarqa_jastary мен Приозерск Жастары prio_jastoty және prio_jastoty әлеуметтік парақшаларына тіркелу керек.

Байқауға Приозерск қаласының 29 жасқа дейінгі жастары ғана қатыса алады.

Байқау шілде айының 1 жұлдызынан бастау алып 7-жұлдызына дейін жалғасады.

Жұлделі орындар орталықтың ресми парақшасында жарияланған видеоларда ең көп

лайк жинау арқылы анықталады.


Байқаудың қорытындысы бойынша I, II, III орын алған қатысушылар арнайы сыйлықтармен марапатталады.

Байқау шілде айының 7 жұлдызы күні сағат 11:00-де аяқталады. Байланыс телефондары: Ұлан, Алмас 87785168990. Жұмыс телефоны: 855216, 53721.

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

«Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ

Ұлттық Домбыра күні
«КҮМБІРЛЕ, КҮЙ-ДОМБЫРА»
КҮЙ ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ
ОНЛАЙН БАЙҚАУЫ



Қала тұрғындары назарына!

ҚАРААҒАШ ЖАПЫРАҚ ЖЕМІРІ – ЗИЯНДЫ ҚОҢЫЗ

Қараағаш жапырақ жемірі [Pyrrhalta (Galerucella) luteola], Еуразияда, Батыс Ресейде, орталық Азияда, Қазақстанда көп тараған. Қоңыздың ұзындығы 5-8 мм, сопақша келген қоңыр сары түсті қоңыз. Аталған қоңыз әдетте жылына екі, орта Азияда, Қазақстанда үш ұрпақ береді. Ең зияндысы бірінші ұрпақтары. Аталған зиянкестер (қоңыздар) бірінші жұмырқаларын мамыр айының бірінші онкүндігінде жаңа жапырақ астына жұмыртқалап (бір жетілген қоңыз 400-700 дана жұмыртқа салады) және сол жерде жұмыртқа мамыр айының ортасында жұмыртқа салғаннан кейін екі апта өткенде құртқа айналып, құрттар жаңа жапырақтарды жей бастайды. Қараағаш жапырақ жемірі зиянкестерінің екінші ұрпақтары жетілгенде қараағаштардың барлық жапырақтары зақымданады. Ағаштардың өсуі тоқтап, қурап, солуға дейін әкеледі. Ағаш зиянкестерінің көбею себептерінің бірі - қураған ағаштар мен бұталардың дер кезінде кесілмеуі. Қураған ағаштардың қабығының асты жетілген қоңыздардың қыстау ұясы болып табылады. Сондықтан қураған ағаштарды, бұталарды кесіп өртеу, сондай-ақ ағаштардың түбін қопсытып,



Қараағаш жапырақ жемірі: 1 - қоңыз, 2 - құрт, 3 - зақымданған жапырақ.

әктеу қоңыздардың жетілген түрімен күресудің басты жолы. Негізінде аталған зиянкестермен химиялық өңдеу жолымен күресу тиімді.

Сабденбекова Г.К.
ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының осімдіктері қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы
тел. 5-40-06

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ Приозерск қалалық мәслихатының «Салық салу мақсаттары үшін Приозерск қаласының аумағын аймақтандыру схемасын бекіту туралы» шешімінің жобасы жарияланғаны туралы хабарлайды.
Шешімнің жобасын <http://zherarh-priozersk.gov.kz> сайтынан көре аласыз.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» уведомляет об издании проекта решения приозерского маслихата «Об утверждении схемы зонирования территории города Приозерск для целей налогообложения» Проект решения можно посмотреть на сайте <http://zherarh-priozersk.gov.kz>.

ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг.
г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.
Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.
Ждем Вас по адресу: ул.Космонавтов, 5-107

Время работы:
с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

Запись по телефону:
мастера-парикмахеры:
8-775-274-25-87 (Ангалий),
8-747-970-25-81 (Карлығаш).
На маникюр: 8-708-235-35-19
(Анастасия)

Парикмахерская
Милолика

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР



Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сағатбаева 15, Заказ № 27/671. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.